

2025 жылғы 30 қазан

**«КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ
2025 жылдың тоғыз айындағы өндірістік нәтижелер**

Астана, 2025 жылғы 30 қазан – «КазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания»), Қазақстанның ұлттық мұнай-газ компаниясы, 2025 жылдың тоғыз айындағы өндірістік нәтижелерін жариялайды.

2024 жылдың тоғыз айымен салыстырғанда, 2025 жылдың тоғыз айындағы негізгі өндірістік көрсеткіштер:

- Мұнай және газ конденсатын өндіру 10,0%-ға артып, 19 843 мың тоннаны құрайды;
- Мұнай тасымалдау 1,1%-ға төмендеп, 62 503 мың тоннаға жетті;
- Қазақстандық және румындық мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі 11,7%-ға ұлғайып, 15 770 мың тоннаны құрады.

	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	%
Өндіру:			
Мұнай мен газ конденсаты, мың тонна	19 843	18 047	+10,0%
Газ, млн м ³	8 652	7 202	+20,1%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	62 503	63 197	-1,1%
Мұнай өңдеу, мың тонна	15 770	14 122	+11,7%

Өндірістік көрсеткіштер, егер өзгеше көрсетілмесе, бірлескен және қауымдастырылған компаниялардағы ҚМГ иелік ету үлесіне және толық шоғырландырылған еншілес ұйымдар үшін көрсеткіштердің 100%-ына сәйкес көрсетілген. Есептеулердің көрсеткіштері мен нәтижелері дөңгелектеп көрсетілген. Сонымен қатар, кезеңдерді салыстыру кезінде дөңгелектенбеген нақты мәндер қолданылды. Компанияның пікірінше, дөңгелектеуге қатысты кез келген ықтимал түзетулер операциялық нәтижелерге материалдық әсер етпеуі тиіс.

Көмірсутек шикізатын өндіру

ҚМГ мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2025 жылдың тоғыз айында 19 843 мың тоннаны (тәулігіне 553 мың баррель) құрады, бұл 2024 жылғы тоғыз ай деңгейінен 10,0%-ға жоғары. Ілеспе және табиғи газ өндіру көлемі (кері айдау көлеміне дейін) 20,1%-ға 8 652 млн м³-ге дейін ұлғайды.

Мұнай және конденсат өндіру, мың тонна	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	%
«Өзенмұнайгаз» АҚ	3 811	3 809	+0,03%
«Ембімұнайгаз» АҚ	2 111	2 077	+1,6%
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	2 300	2 302	-0,1%
Өзге де операциялық активтер	2 447	2 460	-0,5%
Операциялық активтер жиыны	10 667	10 647	+0,2%
Теңіз	6 093	4 296	+41,8%
Қашаған	2 259	2 306	-2,0%
Қарашығанақ	823	798	+3,2%

Мегажобалар жиыны	9 176	7 400	+24,0%
Жиыны	19 843	18 047	+10,0%

Операциялық активтердегі өндіру

2025 жылдың тоғыз айында Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз бен Маңғыстаумұнайгазда мұнай өндіру деңгейін өткен кезеңнің нәтижелерімен салыстыруға болады. Бұл ретте, есепті кезеңнің қорытындылары бойынша Ембімұнайгазда газ өндірудің 10,5%-ға өскені байқалады. Газ өндірудің өсуі газ факторы жоғары ұңғымалардың енгізілуіне байланысты болды.

Мегажобалардағы өндіру

Теңізде мұнай мен газ конденсатын өндіру 41,8%-ға артып, 6 093 мың тоннаны (тәулігіне 179 мың баррель) құрады. Ілеспе газ өндіру 49,5%-ға артып, 3 499 млн м³ құрады. Өсу Болашақ кеңейту жобасы аясында үшінші буын зауытында өндірістің басталуына байланысты болды (2025 жылғы қаңтар).

Қашағанда өндірілген мұнайдағы газ факторының жоғарылауына байланысты мұнай мен газ конденсатын өндіру 2 259 мың тоннаны (тәулігіне 66 мың барр.) құрап, 2,0%-ға төмендегенін көрсетті. Газ өндіру 1 479 млн м³ құрады, мұны өткен кезеңдегі нәтижелермен салыстыруға болады.

Қарашығанақта мұнай және газ конденсатын өндіру 3,2%-ға артып, 823 мың тоннаны (тәулігіне 24 мың барр.) құрады. Өсім Қарашығанақтың өндірістік қондырғыларында шикі газды қабатқа кері айдау көлемдерінің ұлғаюымен байланысты. Бұл ретте, қабатқа кері айдауға дейін газ өндіру 10,8%-ға өсіп, 1 888 млн м³ құрады.

Мұнай тасымалдау

Мұнайды магистральдық және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 1,1%-ға, 62 503 мың тоннаға дейін азайды.

Мұнай тасымалдау ¹ , мың тонна	2025 ж. 9А (100%)	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	%
«ҚазТрансОйл» АҚ	33 223	33 223	33 653	-1,3%
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС	14 484	7 242	6 916	+4,7%
«МұнайТас» СБТК» ЖШС	4 436	2 263	2 160	+4,8%
Каспий құбыр арнасы консорциумы (КҚК)	55 504	11 517	10 059	+14,5%
Құбырлар арқылы тасымалдау жиыны	-	54 246	52 788	+2,8%
Каспий теңізі	1 403	1 403	1 633	-14,1%
Ашық теңіздер ²	6 854	6 854	8 776	-21,9%
Теңіз арқылы тасымалдау жиыны	-	8 257	10 409	-20,7%
Барлығы	-	62 503	63 197	-1,1%

¹ Мұнай көлемдерінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдай алады және тиісінше бұл көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде кем дегенде бір рет есепке алынады.

² Ашық теңіздерге Қара және Жерорта теңіздері жатады

Мұнайды магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау көлемі 2,8%-ға ұлғайып, 54 246 мың тоннаға жетті. Негізгі өсім Теңіз кен орнында Болашақ кеңейту жобасын іске асыру есебінен КҚК жүйесі бойынша Теңіз мұнайын тасымалдау көлемдерінің ұлғаюына, сондай-ақ мұнай өңдеу зауыттары бағытында ішкі нарыққа жеткізу көлемінің ұлғаюына байланысты болды.

Мұнайды теңіз арқылы тасымалдау көлемі 20,7%-ға азайып, 8 257 мың тоннаны құрады, бұл Баку-Тбилиси-Джейхан мұнай құбырындағы технологиялық шектеулерге байланысты

Ақтау-Баку бағыты бойынша мұнай жеткізуді уақытша тоқтатылуы, сондай-ақ «Тараз» және «Лива» танкерлеріне инертті газ жүйесін кезекпен орнату үшін олардың жоспарлы жаңғыртуға шығарылуы себеп болды.

Ашық теңіздерде тасымалдау көлемінің азаюы 2025 жылғы наурыздан бастап Каспий құбыр консорциумы тарапынан Афрамекс үлгісіндегі танкерлерге партиялар санын бөлу жоспарын қайта қараумен байланысты болды.

Жүк айналымы

Жүк айналымы, млн тонна*км	2025 ж. 9А (100%)	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	%
«ҚазТрансОйл» Ақ	26 495	26 495	26 197	+1,1%
«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС	12 941	6 470	6 219	+4,0%
«МұнайТас» СБТК» ЖШС ²	1 874	956	884	+8,0%
Каспий құбыр арнасы консорциумы	75 364	15 638	13 119	+19,2%
Жиыны	-	49 559	46 419	+6,8%

Мұнайдың жүк айналымы 6,8%-ға өсіп, 49 559 мың тоннаны құрады, бұл өсім КҚК жүйесі бойынша экспорт көлемдерінің және мұнай өңдеу зауыттары үшін мұнайды ішкі тасымалдау көлемінің өсуімен байланысты.

Көмірсутек шикізатын сату

ҚМГ-нің меншікті өндірілген мұнай мен газ конденсатын өткізу көлемі 8,6%-ға артып, 19 922 мың тоннаны құрады, оның 66,6%-ы экспортқа шығарылды. Өткізу көлемінің артуы Теңіз кен орнындағы Болашақ кеңейту жобасын іске асыру есебінен өндіріс көлемінің ұлғаюына байланысты.

Ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне сұранысын қанағаттандыру үшін Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарына отандық өндірілген мұнай мен газ конденсатын жеткізу 6 661 мың тоннаны құрады.

Көмірсутек шикізатын өңдеу

Көмірсутек шикізатын өңдеу, мың тонна ¹	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	%
АМӨЗ	4 417	4 422	-0,1%
ПМХЗ	4 169	3 973	+4,9%
ПҚОП	2 319	2 067	+12,2%
Caspi Bitum	253	297	-14,6%
Қазақстандық МӨЗ жиыны	11 159	10 758	+3,7%
Петромидия	4 330	3 162	+37,0%
Вега	281	203	+38,8%
KMG International МӨЗ жиыны	4 611	3 364	+37,1%
Жиыны	15 770	14 122	+11,7%

¹ ПҚОП және Caspi Bitum өңдеу көлемі 50% үлесінде, қалған зауыттарда – 100%-ға көрсетілген.

КСШ өңдеудің жалпы көлемі 2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 11,7%-ға өсіп, 15 770 мың тоннаны құрады:

- Қазақстандық МӨЗ-де өңдеу көлемі 3,7%-ға, яғни 11 159 мың тоннаға дейін өсті. Өсім негізінен өткен жылдың ұқсас кезеңінде жоспарлы жөндеуден өткен ПҚОП-тың 2025 жылғы үздіксіз жұмысына байланысты.
- Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында өңдеу көлемі 37,1%-ға ұлғайып, 4 611 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштің едәуір өсуі жоспарлы күрделі жөндеу жүргізілген және жұмсақ гидрокрекинг қондырғысының іске кеш қосылуы тіркелген 2024 жылдың 9 айынан айырмашылығы – есепті кезеңде «Петромидия» МӨЗ-дің тұрақты операциялық қызметімен түсіндіріледі.

Мұнай өнімдерін өндіру

Мұнай өнімдерін өндіру, мың тонна		2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	%
Қазақстандық МӨЗ	Бензин	3 441	3 157	+9,0%
	Дизель	3 918	3 369	+16,3%
	Өзгелері	2 920	3 218	-9,3%
	Жиыны	10 278	9 744	+5,5%
KMG International МӨЗ	Бензин	1 219	827	+47,4%
	Дизель	1 852	1 439	+28,7%
	Өзгелері	1 458	1 037	+40,7%
	Жиыны	4 530	3 303	+37,1%
Жиыны	Бензин	4 660	3 984	+17,0%
	Дизель	5 770	4 808	+20,0%
	Өзгелері	4 378	4 255	+2,9%
	Жиыны	14 808	13 047	+13,5%

Қазақстандық және румындық зауыттарда мұнай өнімдерін өндіру көлемі 13,5%-ға ұлғайып, 14 808 мың тоннаны құрады:

- Қазақстандық МӨЗ мұнай өнімдерін өндіруді 5,5%-ға, яғни 10 278 мың тоннаға дейін ұлғайтты. Жеңіл мұнай өнімдерін шығарудың артуы жалғасуда: бензин мен дизель отынын өндіру тиісінше 9,0% және 16,3%-ға өсті. Бұл өсімге өндірістік процестерді оңтайландыру және басқа да мұнай өнімдерін (мазут, вакуумдық газойл және т.б.) шығаруды 9,3%-ға сәйкес төмендету есебінен қол жеткізілді.
- KMG International (Петромидия, Вега) зауыттары 37,1%-ға көп мұнай өнімдерін өндіріп, 4 530 мың тоннаны құрады, бұл зауыттарда өңдеу көлемінің қалпына келуіне байланысты болды.

ҚМГ өз мұнай өнімдерін сатуы, мың тонна

	2025 ж. 9А			2024 ж. 9А			%		
	ішкі нарық	эксп.	барлығы	ішкі нарық	эксп.	барлығы	ішкі нарық	эксп.	барлығы
Бензин	1 395	9	1 404	1 178	-	1 178	+18,4%	-	+19,2%
Дизель ¹	1 750	-	1 750	1 297	-	1 297	+34,9%	-	+34,9%
Өзгелері	960	402	1 362	994	505	1 499	-3,4%	-20,4%	-9,1%
Жиыны	4 105	411	4 515	3 469	505	3 973	+18,3%	-18,7%	+13,6%

¹2025 жылы сәуір мен қыркүйектің арасында ҚМГ 178 мың тонна импортталған дизель отынын сатты.

Қазақстанда өндірілген ҚМГ-нің өз мұнай өнімдерін көтерме саудада өткізу көлемі 13,6%-ға ұлғайып, 4 515 мың тоннаны құрады. Өсім ішкі нарықта жеңіл мұнай өнімдерін өндіру мен

сатудың ұлғаюымен қамтамасыз етілді: бензин мен дизель отынын сату тиісінше 18,4% және 34,9%-ға өсті.

Полипропилен: өндіру және сату

Полипропилен: өндіру және сату, мың тонна	2025 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	2024 ж. 9А (ҚМГ үлесіндегі)	%
Өндіру	135,0	80,1	+68,4%
Сату:			
Ішкі нарық	13,7	7,4	+84,8%
Экспорт	114,9	75,7	+51,7%
Жиыны реализация	128,6	83,1	+54,7%

КРІ зауытында полипропилен өндіру 68,4%-ға, яғни 135,0 мың тоннаға дейін өсті. Көлемнің ұлғаюы зауыттың өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда зауыттың тұрақты жұмысымен байланысты.

Полипропиленді сатудың жалпы көлемі 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 54,7%-ға өсіп, 128,6 мың тоннаны құрады:

- Полипропиленді ішкі нарыққа өткізу көлемі 84,8%-ға ұлғайып, 13,7 мың тоннаны құрады.
- Экспортқа полипропиленді өткізу көлемі 51,7%-ға ұлғайып, 114,9 мың тоннаны құрады, жеткізілімдердің өсуі негізінен Еуропа елдері мен Түркия бағытында орын алды.

Толығырақ ақпарат сілтеме арқылы қол жетімді <http://www.kmg.kz/>

Байланыс:

ir@kmg.kz

тел: +7 7172 78 64 34

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ туралы:

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ) Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, өңдеуге және мамандандырылған қызметтер көрсетуге дейінгі бүкіл өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. 2002 жылы құрылған Компания Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мүдделерін білдіреді.

ҚМГ-нің негізгі активтеріне мыналар кіреді:

Барлау және өндіру: «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ) – 100%, «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) – 100%, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ) – 100%, «Өріктау Оперейтинг» ЖШС (УО) – 100%, Дунга¹ – 60%, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (ММГ) – 50%, «Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ) – 50%, PetroKazakhstan Inc. (ПКИ) – 33%, «Қаражанбасмұнай» АҚ (ҚБМ) – 50%, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (ҚОА) – 50%, «Орал Ойл энд Газ» ЖШС (ООГ) – 50%, «Теңізшевройл» ЖШС (Теңіз) – 20%, Қарашығанақ² – 10%, Қашаған³ – 16,88%.

Тасымалдау: «ҚазТрансОйл» АҚ – 90%, «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ – 100%, «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (ҚҚҚ) – 50%, «МұнайТас» СБТК» ЖШС – 51%, Каспий құбыр арнасы консорциумдары⁴ – (КҚҚ) – 20,75%, «Қазақтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС (ҚТКФ) – 100%.

Өңдеу және өзгелері: «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ) – 100%, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС (АМӨЗ) – 99,53%, KMG International N. V. – 100%, Петромидия – 54,62%, Bera – 54,62%, «KMG PetroChem» ЖШС-100%, «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» (ПҚОП) – 49,72%, «CASPI BITUM» БК» ЖШС – 50%, «KC Energy Group» ЖШС – 49%, «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» (KPI) – 49,5%, «Силлено» ЖШС – 40%.

Өзгелері: «KMG Drilling&Services» ЖШС – 100%, «Oil Services Company» ЖШС – 100%, «Oil Construction Company» ЖШС – 100%, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС – 100%, «KMG Systems&Services» ЖШС – 100%, «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС (ҚазГӨЗ) – 100%, «ҚазРосГаз» ЖШС (ҚРГ) – 50%, Mangistau Power B. V. – 49%.

¹ Dunga Operating GmbH- Доңға жобасындағы 60% үлеске ие шоғырландырылған еншілес кәсіпорын.

² «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС - Қарашығанақ жобасында 10% үлесі бар шоғырландырылған еншілес кәсіпорын.

³ ҚМГ Қашаған Б.В. ЖШЖК - Қашаған жобасындағы 16,88% үлесі бар шоғырландырылған еншілес кәсіпорын.

⁴ 19% тікелей ҚМГ-ға тиесілі, 1,75% Қазақстан Пайплайн Венчурс (KPV) арқылы